

ОӘЖ 808.1

Садықова Раиса Толеуқызы

докторант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.
e-mail: srt74@mail.ru

ХАЛЕЛ ҒАББАСҰЛЫ ӘУЛЕТІ

Мақалада Алашорда үкіметі төрағасының орынбасары болған көрнекті мемлекет қайраткері, «Сарыарқа» газетінің редакторы, В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің физика-математика мамандығын алтын медальмен бітірген тұңғыш қазақ Халел Ахметжанұлы Ғаббасов және Ғаббасовтар әулеті туралы деректер ұсынылған.

Бүгінде Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Қарақол ауылында Алаш қайраткері Халел Ғаббасұлының немере інісі Берікбол Әділхасенұлы Баязитов тұрады. Берікбол Әділхасенұлының әкесі Әділхасен Баязитұлы - Халел Ғаббасұлымен бір атадан тарайтын немере ағайыны. 2016 жылы Берікбол ақсақалмен кездесіп, әңгімелесудің реті туған еді.

Түйін сөздер: Алаш, Алаш автономиясы, «Сарыарқа» газеті, редактор, мемлекет қайраткері, әулет.

В статье представлены данные о государственном деятеле правительства Алашорды, редактора газеты «Сарыарқа», первого выпускника физико-математического факультета МГУ им. В. Ломоносова Халел Ахметжанович Ғаббасова и династий Ғаббасовых.

Сейчас в селе Каракол Урджарского района Восточно-Казахстанской области живет племянник Халила Ғаббасова Баязитов Берікбол Адильхасенұлы. Отец Берікбола - Адильхасен Баязитұлы является двоюродным братом Халела Ғаббасова. 2016 году мне посчастливилось встретиться и побеседовать с Берікбол ақсақалом

Ключевые слова: Алаш, автономия Алаш, газета «Сарыарқа», редактор, государственный деятель, потомки.

The article presents the first Kazakh Khalel Akhmetzhanovich Gabbasov and the Dynasty of the Gabbasovs, the prominent statesman of the government of Alashorda, the editor of the newspaper "Saryarka", the first graduate of the faculty of Physics and Mathematics in Moscow State University named after V. Lomonosov.

Now Khalil Gabbasov's nephew Bayazitov Berikbol Adilhasenuly lives in Karakol village of Urdzhar region, East Kazakhstan. Berikbol's father - Adilhasen Bayazituly is a cousin of Khalil Gabbasov. I was lucky to meet and talk with Berikbol in 2016.

Keywords: Alash, Alash autonomy, newspaper "Saryarka", the editor, statesman, descendants

XX ғасырдың алғашқы ширегінде елін бодандықтан босатуды, әрі мәдениетті халықтардың қатарына қосуды өзіне парыз санаған азаматтар тарих сахнасына шықты. Сондай ұлтжанды азаматтардың қатарынан Халел Ғаббасұлы да лайықты орын алады. Сол тарихи кезеңде жарық көріп тұрған «Сарыарқа» газеті Халел Ғаббасұлын мынадай мінездеме арқылы халыққа таныстырған: «Халел студент күнінде-ақ ұлтшыл, жинаған білім қазынасын халыққа таратуды өзіне борыш санаған хәм сол пікірін іспен көрсете бастаған қазақтың үмітті ұлы».

Халел Ғаббасұлы 1928 жылдың 10 қарашасында Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма (ОГПУ) тергеушілеріне берген мәліметтері бойынша 1888 жылы Семей уезінің Шаған болысында дүниеге келген [1].

Бүгінде Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Қарақол ауылында Алаш қайраткері Халел Ғаббасұлының немере інісі Берікбол Әділхасенұлы Баязитов тұрады.

Берікбол ақсақалдың жасы 80-ге келіп қалды. Өртүрлі қызмет атқарған ақсақал қажылыққа барып келген, Қарақол ауылында өз

қаржысынан мешіт салдырған. 4 ұл, 2 қызды жан жары Әнибала апамызбен бірге тәрбиелеп, өсірді. Қазіргі таңда балалары бір-бір қызметкер.

Берікбол ақсақалдың Алаш арысы Халел Ғаббасұлына қандай жақындығы бар деген сауал туары анық. Берікбол Әділхасенұлының әкесі Әділхасен Баязитұлы - Халел Ғаббасұлымен бір атадан тарайтын немере ағайыны. 2016 жылы Берікбол ақсақалмен кездесіп, әңгімелесудің реті туған еді.

Берікбол атамыз былай дейді: Менің әкем Әділхасен Ғаббасов саяси қуғын-сүргіннен қашып, жан сауғалап Қытайға өткен. Өйткені әкемнің бір атадан туған ағайыны, Қазақстанда Алашорда атты жаңа мемлекет құрамыз деп бар білімін, күш-жігерін, қайратын жұмсаған қайраткер азамат Халел Ғаббасов 1930 жылы «халық жауы» деп Мәскеу түрмесінде атылады. Әкемді «халық жауының ағайыны» деп түрмеге жабады. Түрмеден шыққаннан соң, ол үрей-қорқыныш жетегімен шетелге ауады. Осылайша, мен, Берікбол Баязитов, 1939 жылы (құжат бойынша 1940 жылы) Қытайдың Шыңжан өлкесі Шағынтоғай деген ауылында

дүниеге келгенмін. Әкем Әділхасен – Халел Ғаббасовпен бір атадан тарайтын немере ағайын. Оның айтуынша, Ғаббастан – Ахметжан, Баязит дүниеге келеді. Ахметжаннан – Халел, Баязиттан – Әділхасен, Ғаббастың бір ағайыны Мақыдан – Араб туады. Сүйегіміз – Орта жүздегі Тарақты, оның ішінде – Әлі. Ата-бабаларымыздың қонысы – Шыңғыстау, Ақбұлақ, Дегелең [2, 3 б.]

Алаш арысы Халел Ғаббасұлынан тікелей ұрпақ қалмаған. Әйелі Рәмиадан туған Зәбен және Қадыр атты ұлдары болды. Зәбен соғыс кезінде қайтыс болған, отбасын құрмаған. Ал екінші ұлы Қадыр соғыстан бір қолы кем болып келген. Үйленген, бірақ бел баласы болмаған. Шамамен 1980 жылдары қайтыс болған.

Біздің қолымызға Халелдің әйелі Рәмиа мен ұлы Қадырдың фотосуреттері түсті. Оны Бәтима ападан алдық. Бәтима - Молдабайдың ұлы Исатайдың келіні. Дәлірек айтсақ, Ахметжанның қызы Жәмкеден туған Әнуарбектің бәйбішесі. Бәтима апамыз Алматы қаласында тұрған. Жасы 80-нен асқан. 2016 жылы көктемде дүниеден өтті. Жәмке - Халелдің қарындасы, Исатайдың әйелі.

Жәмке апамыздың Әнуарбекен басқа Қайша деген қызы болған. Осы Қайшадан туған 70-тен асқан Манел де Алматы қаласында тұрған, 2016 жылы қазан айында дүниеден өтті.

Манел апамыздың берген деректері бойынша арғы аталары Ғаббастың Батырша деген ұлынан Мұхаметжан туған. Мұхаметжан Шыңғыстаудағы Шаған болысында белді адамдардың бірі болған. Қажылыққа барып келген. Елі оны Мақа қажы деп атаған. Осы Мақа қажының 3 әйелінен 33 перзенті болған. Бәйбішесінен туған тұңғыш ұлы Ахметжаннан алаш арысы Халел туады. Халелдің Араб деген інісі, Жәмке, Рабиға атты қарындастары болған. Інісі Ғаббасов Араб Мақаұлы (1903-2002) – ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, 1946 жылдан Қазақстан академиясының корреспондент-мүшесі, шөлді игеру институтының директоры болған.

Әулетімізге байланысты қай шежіренің дұрыс-бұрыстығына, анық- қанығына менің ой көзім жетпейді, ақиқаты - біздер Халел Ғаббасұлының жақын туысқанымыз. Мен әкем Әділхасеннен естігенімді ғана айтқым келеді. Әкем 1903 жылы дүниеге келіп, 1974 жылы 73 жасында дүниеден озды [2, 2 б.].

Әділхасен үш жасқа толғанда әкесі Баязит Ғаббасұлы қайтыс болып, Халелдің әкесі Ахметжан қамқорлығына алып, бағып-қағады. Әділхасен Халелдің әкесінің үйінде өседі. Х. Ғаббасұлы ұсталған кезде, Әділхасенді де қамауға алып Қарағанды түрмесіне жабады.

Түрмеден амалдап шыққаннан кейін оған сол өңірдегі Керей Төлеу Көбдіков деген белгілі ақын кісі: «Сенің ағаң Халелді атты, енді сені де атады. Сондықтан елден қаш, жан сауғала» деп кеңес береді. Содан Әділхасен Қытайға қашады. Қытайға қашып, бас сауғалауы 1929 жылы Халелдің түрмеге жабылып, 1930 жылы атылғанынан кейін болған оқиға [2, 2 б.].

Қытайға барғаннан кейін кеңес үкіметінің тыңшылары Қытай үкіметіне мұны «қауіпті адам» деп кеңес беріп, Әділхасен түрмеге жабылып, үш жыл қамауда болады. Босап шыққаннан кейін, мал шаруашылығымен айналысады. Шаруасы тез дөңгелеп, ауқатты отбасы болады. 1955 жылы Қытай мен КСРО шекарасы ашылған уақытта бар малын сатып, одан түскен қаражатқа он екі қанатты кигіз үй, киім-кешек, дүние-зат алып Қазақстанға қайта оралады [2, 3 б.].

Сөйтіп, Берікбол ақсақалдың қазіргі тұрып жатқан жері Үржар ауданының Қарақол деген ауылы. Қазақстанға келгеннен кейін әулеттің туыстарын аралап, аралас-құраласып тұруға тырысады. Халелдің көзін көрген туыстары қорқып қалғандықтан ба, әлде Қытайға қашқанын жақтырмады ма, әйтеуір, Әділхасенді салқын қарсы алыпты. Бірақ олардың арасынан көмек қолын созғандар да болған. Қытайдан көшіп келгеннен кейін Араб Мақыұлы Ғаббасов Әділхасенге қаражат жағынан көп көмек көрсетеді. Тіпті, Алматының маңайындағы бір совхозға көшіріп алмақ болады.

Берікбол ақсақал 1957 жылы әкесімен бірге еріп Халелдің туған ұлы Қадырды, ағайыны Мақыдан тарайтын Араб Ғаббасовты арнайы іздеп Алматыға келеді. Ол кезде Берікбол Әділхасенұлы 17 жаста еді. Мектеп бітіріп жатқан шағы болған соң, әкесі бір жағынан оқуға түсіргісі келеді. Осылайша ағайындарымен жақын танысады. Қадыр Халелұлы соғыстан бір қолынан айырылып, протез салдырған кісі екен. Мамандығы – бухгалтер-есепші. Жұбайы – татар кісі. Өте сұлу жан екен. Оның артына еріп келген екі қызы болды. Қадырдың өзінен бала болмады. Көп ұзамай, 60-жылдардың басында Қадыр дүниеден озып кетті. Сол кездесуде Қадыр: «Менде Халел ағаң киген 4 костюм бар. Соның бірін ағаңның көзіндей көр» - деп, Берікбол Әділхасенұлына сыйға беріпті [2, 3 б.].

Қадыр Халелұлының үйінде бірнеше күн болып, одан Араб Мақыұлы Ғаббасовты іздеп барған. Араб Ғаббасов шағын жеке жер үйде тұрады екен. Жұбайы – орыс. Әділхасен екеуі біраз шүйіркелесіп, сөйлескен. Әділхасен Халел туралы әңгіме айтқысы келіп еді, ол оны қозғамауды сұрапты.

1974 жылы Берікбол ақсақалдың әкесі дүниеден өткен. Алматыдағы ағайындармен байланыс үзілген.

Берікбол ақсақал бұл жайында былай дейді: «1974 жылы әкеміз 73 жасында дүниеден өтті. Содан кейін Алматыдағы ағайындармен байланысымыз үзіліп қалды. Оның үстіне Халел ағамның ұрпақтарының барлығы орысша оқыған еді. Ол да тұрмыстық тұрғыдан өз кедергісін тигізді. Біздер елде қалып қарапайым тіршілік кештік. Мен ауылда жүргізуші болып жұмыс жасадым. Үйлендім, балалы-шағалы болдым. Зейнетке сол жүргізушілік мамандығынан шықтым. Бір бауырым Баязитов Ерзат Әділхасенұлы қазір Павлодар қаласында тұрады. Өз кіндігімнен алты бала өсіп-өнді. Бәрі ер жетіп, оқып, білім алды. Қазір барлығы балалы-шағалы. 2005 жылы Меккеге қажылыққа барып, мұсылмандық парызымды атқарып келдім. Туған ауылым - Қарақолда өз қаражатыма мешіт және 300 орындық қатымхана ашып, Алланың мейрім-шапағатына шүкірлік етіп, жас кездегі бейнеттің бұл күнде зейнетін көріп жатқан жайымыз бар» [2, 3 б.].

Алаш зиялылары тәуелсіздік алғаннан бастап ақтала бастады. Ұлтым, елім деп туған Алаш қайраткері Халел Ғаббасұлы 1990 жылы ақталды.

Сіз оның туысқаны екеніңізді неге осынша уақыт құпия ұстағансыз деп сұрағанымызда Берікбол ақсақал былай деді: «Бұған менің тура жауабым жоқ. Мен бұл «құпияның» ұзақ сақталуын зұлматты жылдардың әулет тарихына салған қасіреті деп білемін... Қасірет адам бойына үлкен үрей, түпсіз терең қорқыныш салады екен. «Алаштың бір туар азаматы Халел Ғаббасовтың туысқанымын» деп халыққа сыйлы, үлкен қызметте болған, арқа сүйер академик ағамыз Араб Ғаббасовтың айтуға аузы бармағандықтан, қарапайым шофер болған біздер тіптен бата алмадық. Жасым сексенге таянды. Енді сол бір қасіретті

жылдардың тарихын кейінгі ұрпаққа қалдыру үшін естеліктерді қағазға түсіруге бел буып отырған жайым бар» [2, 4 б.].

Халқымыздың ғасырлар бойғы азаттық аңсаған тілек-арманын XX ғасыр басында жүзеге асырған алаш арыстарының айтулы тұлғасы, ұлтжанды күрескер, қоғам қайраткері, көсемсөз шебері Халел Ғаббасұлының бар ғұмыры Алаш қозғалысы аясында, онымен тығыз байланыстағы бірлікте өтті.

Халел Ғаббасұлы XX ғасыр басында «Серке» газетінен басталған қазақ баспасөзіндегі демократтық, ұлт азаттық рухтағы публицистиканы «Сарыарқа» газетінде редакторлық, шығармашылық істерімен одан әрі дамытты. Халел басқарған кездегі «Сарыарқа» газетінде жарияланған көсемсөздерде халықтың мақсат-мұраттарымен бірге, Алашорда өкіметі, оның ұлттық тәуелсіз мемлекет ретіндегі болашақ бағыт, бағдары да халыққа кеңінен насихатталды. Сөйтіп, Халел Ғаббасұлының мақалалары, ел басқарған басылымның идеялық ұстанымы, ұлттық тұғыры да қазақ елінің азат таңының жаршысына айналды.

Халелдің редакторлығымен «Сарыарқа» газетінде көптеген әдеби шығармалар да жарық көріп, өз оқырмандарын таба білді.

Яғни, Халел Ғаббасұлының редакторлығымен жарық көрген «Сарыарқа» газетіндегі көптеген әдеби шығармаларда Халелдің қолтаңбасы, пікірі бар деп есептейміз.

Алаш қайраткері Халел Ғаббасұлының аз да болса мұрасы сол кездегі әдеби көсемсөздің дамуына өз үлесін қосты.

Халел «Өмір – жұрт жетекшісі. Өмір құрығынан ешкім қашып құтыла алмақ емес, бірақ жұрт сол өмірдің ағысына қарай тұрмыс шартын өзгертіп, заң қалыбына түсірмек. Заң өмір киімі. Заман өзгерген сайын - өмір ағыны да, заң қалыбы да өзгермек...» [3] - деп тұжырымды ойларын айтады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің мұрағаты. 1494-іс, 315-316 парақ.
2. Халел Ғаббасов әулеті. // «Айқын» газеті. 01.04.2017 ж.
3. Ғаббасұлы Х. Күш бірлікте // Сарыарқа. - 1917. - № 27.
4. Жұртбай Т. Ұраным-Алаш (Түрме әфсанасы). - Алматы: Ел шежіре, 2008. - 378б.
5. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. Шежірелік деректерді пайымдау. - Астана, Фолиант, 2008. - 728 б.

Садықова Раиса Төлеуқызы

Лауазымы: докторант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Ленин көшесі, 11

Ұялы. тел: +7 701 414 45 95

Халел Ғаббасұлы әулеті

Садықова Раиса Төлеуқызы

Должность: PhD докторант, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Ленина, 11

сот. тел: +7 701 414 45 95

Династия Халила Габбасулы

Sadykova Raissa Toleuovna

Position: PhD student, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, Lenin St.11

Mob.phone: +7 701 414 45 95

Dynasty of Khalil Gabbasuly